

«8D10110 – Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Байболова Молдир Канатовнаның «Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда жүрек оңалтуының жүйелі бағдарламасындағы жаттығулардың әдістемелік аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Байболова Молдир Канатовнаның диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі өте жоғары, себебі жүрекке ашық отадан кейінгі кардиологиялық оңалту мәселелері қазіргі клиникалық медицинаның басты бағыттарының бірі болып табылады. Кардиохирургиялық оталардың артуына байланысты, науқастардың функционалдық жағдайын қалпына келтіруге, өмір сапасын арттыруға және асқынулардың алдын алуға бағытталған оңалту әдістерін жетілдіру аса маңызды. Ұсынылған жаттығулар әдістемесі кешенді оңалту бағдарламасының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді және қазіргі заманғы медицинадағы алдын алу және оңалту басымдықтарына толық сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыста докторант кардиологиялық оңалту ұйымдастырудың заманауи ғылыми тәсілдерін, дәлелді медицинаның қағидаттарын, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен Еуропалық кардиологтар қоғамының ұсынымдарын пайдаланған. Әдістемелік негізі жүйелі тәсілге сүйеніп, науқастардың клиникалық, физиологиялық және психоэмоционалдық көрсеткіштерін талдауды, сондай-ақ деректерді кешенді статистикалық өңдеуді қамтиды.

Зерттеу барысында жүрекке ашық отадан кейінгі науқастардың оңалту жүйесінде дене жаттығуларының рөлі мен маңызына қатысты жаңа мәліметтер алынды. Жаттығулар бағдарламасын құрудың әдістемелік аспектілері негізделді, оның жүрек-тамыр жүйесінің функционалдық көрсеткіштерін жақсартудағы, физикалық жүктемеге төзімділікті арттырудағы және асқынулар деңгейін төмендетудегі тиімділігі дәлелденді. Нәтижелер статистикалық тұрғыдан сенімді деректермен және клиникалық бақылаулармен расталған.

Диссертацияның құрылымы ғылыми жұмыстың талаптарына толық сәйкес келеді және логикалық тұрғыдан бірізді құрылған. Жұмыс кіріспеден, әдебиеттерге шолу бөлімінен, материалдар мен әдістерден, зерттеу нәтижелері мен оларды талқылаудан, қорытындылар мен ұсыныстардан, сонымен қатар қосымшалар мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспе бөлімде тақырыптың өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, зерттеу нысаны мен пәні, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы нақты баяндалған. Бұл диссертациялық жұмыстың жалпы мазмұндық бағыт-бағдарын айқындауға мүмкіндік береді. Әдебиеттерге шолу тарауында зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері

талданған, қазіргі кезеңдегі ғылыми көзқарастар жүйеленіп, қарастырылып отырған мәселенің жеткілікті зерттелмеген тұстары анықталған. Бұл өз кезегінде жұмыстың теориялық негізін құрайды. Материалдар мен әдістер бөлімінде зерттеу дизайны, қолданылған әдістемелер, клиникалық және функционалдық көрсеткіштерді бағалау тәсілдері, сондай-ақ статистикалық өңдеу әдістері толық сипатталған. Бұл бөлім диссертацияның әдістемелік негізін көрсетеді және алынған нәтижелердің ғылыми тұрғыдан дәлелділігін қамтамасыз етеді. Зерттеу нәтижелері нақты, жүйелі түрде ұсынылған. Автор әрбір бөлімді иллюстрациялық материалдармен (кестелер, диаграммалар, суреттер) толықтырып, алынған мәліметтердің талдауын жүргізген. Нәтижелерді талқылау барысында олар заманауи ғылыми әдебиеттердегі мәліметтермен салыстырылып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталған, ғылыми тұрғыдан негізделген түсіндірмелер берілген. Қорытынды бөлімде зерттеу нәтижелерінен туындайтын негізгі тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар жүйеленіп берілген. Бұл ұсынымдар клиникалық тәжірибеде оңалту бағдарламаларын жетілдіруге бағытталған және медициналық тәжірибеге енгізуге болатын құнды ғылыми-тәжірибелік материал болып табылады. Жалпы алғанда, диссертация құрылымдық жағынан үйлесімді, мазмұны толыққанды, барлық бөлімдері өзара логикалық байланыста және бір-бірін толықтырады. Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша докторлық жұмысқа қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Байболова М.К. жұмыстың барлық кезеңдерінде – мақсат пен міндеттерді айқындаудан бастап, алынған деректерді талдау мен қорытынды жасауға дейін – жоғары деңгейдегі дербестігін көрсетті. Ол клиникалық бақылауларды, деректерді жинау мен өңдеуді, жаттығулар әдістемесін ұйымдастыруды және оның тиімділігін бағалауды өз бетінше жүргізді. Автордың жеке үлесі айтарлықтай және оның ғылыми дайындық деңгейін айқын көрсетеді.

Докторант өзін мақсатты, жауапты әрі білікті зерттеуші ретінде танытты. Зерттеу барысында Байболова М.К. заманауи клиникалық және физиологиялық зерттеу әдістерін, статистикалық деректерді өңдеу тәсілдерін меңгерді, ғылыми әдебиеттерді сыни талдау дағдыларын игерді, сондай-ақ оңалту бағдарламаларын клиникалық тәжірибеде қолдану тәжірибесін жинақтады. Бұл оның кәсіби жетілуін және дербес ғылыми қызметке дайындығын көрсетеді.

Байболова Молдир Канатқызының «Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда жүрек оңалтуының жүйелі бағдарламасындағы жаттығулардың әдістемелік аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы бар толыққанды ғылыми-біліктілік еңбегі болып табылады. Диссертациялық жұмыс 8D10110 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмысты қорғауға ұсынып, Байболова Молдир Канатқызына философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруді орынды деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші,
медицина ғылымдарының докторы

А.К. Баймағамбетов
А.К. Баймағамбетов

Қ.А. ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ
БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ

ШЫҒЫС № _____

« _____ » _____ 20 _____ жыл

